



тізбектің ұзындығын арттырғанда жылдамдық өседі.



Метилорынбасқан арендер жағдайында карбокатионды үзу энергетикалық тұрғыдан қиындау, сондықтан, негізінен, диспропорциялау және изомерлеу реакциялары өтеді. Толуол жағдайында басымды реакция метанды үзіп крекингтеу емес, бензолға және ксилолға диспропорциялау болып табылады.



Полиметилбензолдар изомерленуге және диспропорциялануға басымырақ ұшырайды. Мысалы, ксилолдар қышқылды катализатор қатысында келесі сұлбаға сәйкес изомерленеді және диспропорцияланады:



Полициклді арендер катализаторда берік сорбцияланады, біртіндеп деструкцияға ұшырайды және сутек қайта таралып, кокс түзіледі.